

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ  
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

**2014 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША**

Алматы 2014 ж.

## Мазмұны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ .....	3
I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ .....	3
1. АКТИВТЕР .....	3
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ .....	4
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР .....	5
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ .....	6
5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ .....	7

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторымыз 2 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 5 ұйым (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) ретінде берілген.

1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

Банктік емес сектордың құрылымы	1.01.14	1.02.14
<b>Ипотекалық ұйымдардың саны, оның ішінде:</b>	<b>2</b>	<b>2</b>
- жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын ипотекалық ұйымдар	1	1
- ипотекалық ұйым	1	1
Ипотекалық ұйымдар өкілдерінің саны	14	14
<b>Банктік емес ұйымдардың саны, оның ішінде:</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
<i>Жалғыз акционері агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар</i>	4	4
<i>Ұлттық почта операторы</i>	1	1
Банктік емес ұйымдардың филиалдарының саны	35	35
Банктік емес ұйымдардың өкілдерінің саны, оның ішінде	19	19
<i>Қазақстан Республикасында</i>	17	17
<i>Шетелде</i>	2	2
Банктік емес ұйымдардың еншілес ұйымдарының саны	7	7

## I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

### 1. АКТИВТЕР


2-кесте. Қазақстан Республикасының ипотекалық ұйымдарының жиынтықты активтерінің құрылымы

Ипотекалық ұйымдарының жиынтықты активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2014		01.02.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	
Ақша	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0%
Ағымдағы шоттар	0,6	0,4	1,9	1,2	3,2 есе
Бағалы қағаздар	20,3	13,2	19,6	12,1	-3,4%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	25,2	16,4	36,1	22,2	43,3%
Клиенттерге берілген қарыздар	97,7	63,6	94,6	58,3	-3,2%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,6	3,0	4,8	3,0	4,3%
Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-3,5	-2,3	-3,4	-2,1	-2,9%
Басқа активтер	8,6	5,6	8,7	5,4	1,2%
<b>Барлығы активтер</b>	<b>153,6</b>	<b>100,0</b>	<b>162,4</b>	<b>100,0</b>	<b>5,7%</b>

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 162,4 млрд. теңге, бұл жылдың басындағы көрсеткіштен 8,8 млрд. теңгеге немесе 5,7%-ға жоғары.

Жыл басымен салыстырғанда берілген қарыздардың 3,2%-ға, сондай-ақ бағалы қағаздар портфелінің 3,4%-ға азаюы байқалады.

Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымының маңызды үлесін клиенттердің қарызы 58,3% (94,6 млрд. теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдар 22,2% (36,1 млрд. теңге), бағалы қағаздар –12,1% (19,6 млрд. теңге) құрады.



## 2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 94,6 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылдың басындағы көрсеткіштен 3,1 млрд. теңгеге немесе 3,2%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ие болды – 99,6%.

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен берешекті қоса) 0,4%-ды құрады (немесе 383 млн. теңге), оның ішінде 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 0,32 (немесе 308 млн. теңге).

Есепті күнге құрылған провизиялар 3,4 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі құрылған провизиялардың үлес салмағы 3,6%).

3-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің құрылымы

№	Көрсеткіштер	01.01.2014		01.02.2014		Өзгерісте Р (%)
		млн. теңге	жиынтығы %-бен	млн. тг	жиынтығы %-бен	
1	<b>Қарыздардың баланстық құны, оның ішінде:</b>	<b>97 194</b>	<b>100,0%</b>	<b>93 837</b>	<b>100,0%</b>	<b>-3,5%</b>
2	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар	22	0,0%	23	0,0%	4,5%
3	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	97 464	100,3%	94 316	100,5%	-3,2%
4	Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	248	0,3%	242	0,3%	-2,4%

6	ХҚЕС бойынша провизиялар	-3 454	3,6%	-3 399	3,6%	-1,6%
7	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша дисконт	-73	0,1%	-72	0,1%	-1,4%
8	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйлықақы	2 985	3,1%	2 729	2,9%	-8,6%

4-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несиелік портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы /күні	01.01.2014		01.02.2014		Өсімі, %-бен
	сомасы млн. теңгемен	жиынтығы %-бен	сомасы млн. теңгемен	жиынтығы %-бен	
<b>Жиынтығы несиелік портфелі</b>	<b>97 735</b>	<b>100%</b>	<b>94 580</b>	<b>100%</b>	<b>-3,2%</b>
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1- ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	20,0	0,02%	55,0	0,06%	175,0%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31- ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	12,2	0,01%	13,9	0,01%	13,9%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61- ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	11,3	0,01%	6,8	0,01%	-39,8%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	357,5	0,37%	307,7	0,33%	-13,9%
Жиынтығы негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек	398,1	0,4%	383,5	0,4%	-3,7%
ХҚЕС провизиялар	3 454	3,5%	3 399	3,6%	-1,6%

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1- ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек несиелік портфелінің 0,06%, 31- ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,01% және 61- ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,01% болды.

Есепті күні Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 2014 жылдың басынан 13,9%-ға азая отырып 307,7 млн. теңге немесе несиелік портфелінің 0,4% болды.

### 3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2014 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда ипотекалық ұйым міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 0,2 млрд. теңге немесе 0,2%-ға азайды және 2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 122,4 млрд. теңге болды.

2014 жылдың басымен салыстырғанда басқа кредиторлар бойынша міндеттемелердің 4,8%-ға, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша 0,4%-ға ұлғаюы, мұнымен бір мезгілде басқа міндеттемелердің мөлшерінің 6,2%-ға азаюы байқалды.


Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында шығарылған облигациялар түріндегі міндеттемелер (64,6%) басым болады.

5-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтықты міндеттемелерінің құрылымы

ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтықты міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2014		01.02.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	
Алынған қарыздар	28,3	23,1	28,3	23,1	0,0%
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	78,8	64,3	79,1	64,6	0,4%


Басқа кредиторлар	4,2	3,4	4,4	3,6	4,8%
Басқа міндеттемелер	11,3	9,2	10,6	8,7	-6,2%
<b>Барлық міндеттемелер</b>	<b>122,6</b>	<b>100,0</b>	<b>122,4</b>	<b>100,0</b>	<b>-0,2%</b>

### Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы



#### 4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымның баланстық меншікті капиталы 39 млрд. теңге, ол жылдың басында қалыптасқан көрсеткіштен 9 млрд. теңге артық.



2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың реттеуші меншікті капиталының мөлшері 46,7 млрд. теңгені құрады. Ал жылдың басында осы көрсеткіш 37,8 млрд. теңгені құрады.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	2014 жылғы 1 қаңтар	2014 жылғы 1 ақпан
1	2	3
Төленген меншікті капитал (оның ішінде капитал), млрд.теңге	48,1	56,8
Есепті меншікті капитал, млрд.теңге	37,8	46,7
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ( $\kappa_1 \geq 0,06$ )	0,202	0,245
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ( $\kappa_1-2 \geq 0,06$ )	0,235	0,285
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ( $\kappa_1-3 \geq 0,12$ )	0,287	0,335

Есепті күні капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері  $\kappa_1 - 0,245$ ;  $\kappa_1-2 - 0,285$ ;  $\kappa_1-3-0,335$  болды. Бұл ретте 2014 жылдың басына капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері  $\kappa_1 - 0,202$ ;  $\kappa_1-2 - 0,235$ ;  $\kappa_1-3 - 0,287$  болды.

## 5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

6-кесте. ҚР ипотекалық ұйымының кірістілігі

Ипотекалық ұйымның кірістілігі, млрд. теңгемен	01.02.2013 (млрд. теңге)	01.02.2014 (млрд. теңге)	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты	0,6	1,2	2 есе
Сыйақы төлеуге байланысты шығындар	0,7	1,1	1,6 есе
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	0,1	0,7	7 есе
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығындар	3,9	0,6	-84,6%
Таза кіріс (шығын)	-3,9	0,2	-105,13%

2014 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар 0,2 млрд. теңге мөлшеріндегі таза пайда алды.

Пайыздық кіріс құрылымында ең көп үлесті клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (75% немесе пайда шығындары құрылымында (0,9млрд.теңге),– бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты шығыстар (72,7% немесе 0,8 млрд. теңге).

